

## Қаратөбе ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімінің 2023 жылғы 13 наурыздағы № 7 шешімі. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімінің 2024 жылғы 28 ақпандағы № 10 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімінің 28.02.2024 № 10 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" қаулысына және аудан әкімдігі жанындағы аудандық төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия отырысының 2023 жылғы 12 наурыздағы №3 хаттамасына сәйкес, ШЕШТІМ:

1. Қаратөбе ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайларды жою басшысы болып Қаратөбе ауданы әкімінің орынбасары К.Н.Тулесов тағайындалсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*К. Суйеугалиев*